


Химиялық талшықтар. Химиялық  
талшықтардың қасиеттері. Жасанды  
және синтетикалық талшықтардан  
жасалған маталар.

Орындаған: Егамбердиева Айнура

Тобы: ЖТ-15-4К1

Қабылдаған: Аширбекова Гулнур

- 
- Тұңғыш рет химиялық талшықтарды 1853 жылы ағылшын Аудермас алған.
  - 1891 жылы француз Шардонне алғашқы болып осы тәріздес жіптердің өндірісін ұйымдастырады.
  - XVII ғасырда ағылшын ғалымы Роберт Гук талшықтарды химиялық жолмен алуға болатынын айтты.

- ❖ 1753 жылы М.В.Ломоносов лағыл шыны жасауға қол жеткізді, жасанды талшықтардан өнеркәсіптік өндіру тәсілін табуға талпынды.
- ❖ 1913 жылы, Мәскеу түбіндегі Мытищи қаласында жасанды жібек өндіретін бірінші зауыт тұрғызылды.

# Химиялық талшықтар:

- Жасанды


---

- Табиғи органикалық материалдарды (ағаш, мақта целлюлозасы) әртүрлі химиялық заттармен: ацетон, сіркесу, азот, күкіртқышқылдарымен арнайы өңдеу арқылы алады. Мұндай талшықтарға нитро-жібек, вискозалы және ацетатты жібек жатады

- Синтетикалық

---

- Синтетикалық талшықты әртүрлі заттарды : мұнай, таскөмір, табиғи газ және ілеспе мұнай газын, ауыл шаруашылық және және целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің қалдықтарын химиялық өңдеу арқылы алады. Бұл заттардан жоғары молекулалы шайыр алынады, олар синтетикалық талшықтарды (нейлон, капрон, лавсан, т.б.) өндіруге қажетті бастапқы материал болып табылады.



Химиялық талшықтардан иірілген жіпті  
үш кезеңнен тұратын күрделі технология  
бойынша алады:


- ✓ Иіру ертіндісін алу
- ✓ Талшықтарды қалыптау
- ✓ Өңдеу

**Бірінші кезең - бастапқы  
материалдардан химиялық жолмен  
сұйық және жабысқақ иіру  
массасын алу**

**Екінші кезең** - алынған масса химиялық талшық жасалатын жіп иіру машинасына түседі. Осы машинадағы сүзгілер көмегімен дайын массадан талшықтар түзіледі. Бір машинада 60-100 сүзгі болады. Олар өте ұсақ саңылаулары бар шағын металл қалпақша түрінде болады. Сүзгідегі саңылаулар саны 24-36мыңға дейін.

**Үшінші кезең – талшықтарды өңдеу.**  
Алынған жіптер жуудан, құрғатудан,  
иіруден, термиялық өңдеуден өтеді. Кейбір  
талшықтарды ағартады, бояйды және  
жұмсарту мақсатында сабын ертіндісімен  
өңдейді





Химиялық талшықтарды жасау ерекшелігі: Оның қалыпталу процесі бір мезгілде оны иіру де болып табылады.

# Мата тоқитын станок

